

**Қорғалжын ауданы бойынша 2011 жылға арналған субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдердің ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын ауыл шаруашылығы басым дақылдарының әр түрі бойынша егіс жүргізудің оңтайлы мерзімдерін анықтау туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 14 маусымдағы № 85 қаулысы. Ақмола облысы Қорғалжын ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 21 маусымда № 1-15-166 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 10 сәуірдегі № 665 хатымен

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 10.04.2013 № 665 хатымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, «А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2011 жылдың 10 мамырдағы № 440 ұсынысы негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Қорғалжын ауданы бойынша 2011 жылға арналған субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдердің ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын ауыл шаруашылығы басым дақылдарының әр түрі бойынша егіс жүргізудің оңтайлы мерзімдері анықталсын.

2. Осы қаулының іс-әрекеті 2011 жылдың 5 мамырынан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға тарайды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **С. Аққожинаға** жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қорғалжын ауданының әкімі*

*С.Қасенов*

**Қорғалжын ауданы бойынша 2011 жылға арналған субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдердің ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын ауыл шаруашылығы басым дақылдарының әр түрі бойынша егіс жүргізудің оңтайлы мерзімдері**

| № | Дақылдардың атауы   | Ауыл шаруашылық дақылдарының оңтайлы себу мерзімдері | Субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдердің ұсыну мерзімдері |
|---|---|--|--|
| 1 | Орташа кеш пісетін жаздық бидай                           | 10 мамырдан 25 мамырға дейін                         | 26 мамырға дейін   |
| 2 | Орташа пісетін жаздық бидай                               | 12 мамырдан 27 мамырға дейін                         | 28 мамырға дейін   |
| 3 | Орташа ерте пісетін жаздық бидай                          | 15 мамырдан 30 мамырға дейін                         | 31 мамырға дейін   |
| 4 | Жаздық арпа, сұлы   | 3 маусымға дейін                                     | 5 маусымға дейін   |
| 5 | Күнбағыс май тұқымына                                     | 7 мамырдан 17 мамырға дейін                          | 18 мамырға дейін   |
| 6 | Көпжылдық шөптер мен бұршақ шөптердің ерте көктемгі егісі | 5 мамырға дейін                                      | 6 мамырға дейін  |
| 7 | Көпжылдық шөптер мен бұршақ шөптердің көктемгі егісі      | 1 мамырдан 12 мамырға дейін                          | 13 мамырға дейін   |